

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Онтыстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 1 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

Дәріс кешені

Пән:

Фармакология-2

Пән коды:

Farm 3203-2

ББ атауы және шифры:

6B10106– Фармация

Оқу сағаты/кредит көлемі:

150/5

Оқу курсы мен семестрі:

3/6

Дәріс көлемі:

10

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Онтыстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 2 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

Дәріс кешені «Фармакология-2» пәнінің жұмыс оку бағдарламасына (силлабус) сәйкес өзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 11 « 10 » 06 2024ж.

Кафедра менгерушісі, ф.ғ.к., профессор м.а.



Токсанбаева Ж.С.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 3 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

Тақырыбы: №1 Тірек-қымыл аппаратының функциясына әсер ететін дәрілер

Мақсаты: Студенттерді тірек-қымыл аппаратының функциясына әсер ететін дәрілермен таныстыру

Дәріс тезистері:

Остеопороз және остеопатияны емдеуге қолданатын дәрілер

Бұл топшаға **иприфлавон** (остеохин) жатады. **Фармакологиялық әсері.** Табиғи флавоноидтардың синтетикалық туындысы. Сүйек ұлпасының метаболизмін жақсартады, оның резорбциясын төмендетеді. **Қолдануы:** Біріншілік остеопороз; екіншілік остеопороз. **Жанама әсері:** Ас қорыту жүйесіне: тәбеттің жоғалуы, жүректің айнуы, құсу, құрсақтың ауырсынуы, метеоризм, диарея, іштің қатпасы. ОЖЖ-не: бастың айналуы, бастың ауруы. Аллергиялық реакциялар. **Қарсы көрсеткіші:** асқыну фазасында асқазан мен он екі елі ішектің жара ауруы; бауыр немесе бүрек функциясының айқын бұзылыстары; қан жасалу мүшелерінің аурулары; препаратқа жоғары сезімталдық.

Сүйек резорбциясының ингибиторлері

Алендронат натрий (фосамакс). **Фармакологиялық әсері.** Аминобисфосфонат-пирофосфат синтетикалық аналогтар тобының остеокластикалық сүйек резорбциясының бейгормонды спецификалық ингибиторы. Сүйектің резорбциясымен орнына келуі арасындағы оң балансты қалпына әкеледі. **Әсер ету механизмі** остеокластар белсенелілігінің тежелуімен байланысты. **Қолдануы.** Постменопауздағы әйелдердегі остеопорозды емдеу. **Жанама әсері:** препарат, әдетте науқастармен жақсы қабылданады. Ас қорыту жүйесіне: эпигастр аймағының ауырсынуы.

Ибандрон қышқылы (бондронат). **Фармакологиялық әсері.** Сүйек резорбциясының ингибиторы, биофосфонаттар тобына жатады. Сүйек ұлпасына тандамалы әсер етеді, ол сүйектің минералды компоненттеріне жоғары аффинділікпен қамтылады. Гиперкальциемиямен байқалатын ісікті остеолизге тежегіш әсер етеді. **Қолдануы.** Ісікті аурулар кезіндегі гиперкальциемия. **Жанама әсері:** Жиі тұмау тәрізді синдром; плазмадағы фосфаттар концентрациясының азаюымен жүретін бүйрекпен қальций экскрециясының төмендеуі. **Қарсы көрсеткіші:** ауыр бүрек жетімсіздік, жүктілік, лактация, бала жас. **Кальцитонин** (кальцитрин). **Фармакологиялық әсері.** Қалқанша безінің С-жасушаларымен өндірілетін гипокальциемиялық гормон. Арнайы рецепторлер арқылы кальцитонин цАМФ-ке әсер етеді, нәтижесінде сүйек резорбциясы тежеледі, сүйектердің минерализациясы қуаттанады, бұл қан сарысындағы кальций мен фосфордың азаюымен байқалады. **Қолдануы.** Педжет ауруы (деформирлеуші остеодистрофия). Остеопороз, соның ішінде постменопауза мерзімінде. **Жанама әсері:** беттің, қол-аяқ саусақтарының қызаруы, диарея, жүректің айнуы, құсу, тәбеттің жоғалуы, құрсақтың ауырсынуы. **Қарсы көрсеткіші:** анафилактикалық шок.

Кальциймен фосфордың алмасуын реттейтін дәрілер

Бұл топшаға **альфакальцидол**, **кальцимин**, **кальций-сандоz** **форте**, **колекальциферол**, **колекальциферол+кальций** карбонаты, **ризедрон қышқылы**, **эргокальциферол** жатады.

Колекальциферол (вигантол, витамин D₃). **Фармакологиялық әсері.** Рахитке қарсы дәрі. Кальциймен фосфордың алмасуын реттейді, балалардағы сүйек қанқасымен тістің қалыптасуын, сүйек құрылымының сақталуын қамтамасыз етеді. Ішекте кальцидің сінірілуін және бүрек тұтікшелеріндегі фосфордың реабсорбциясын күштейді. **Қолдануы.** Рахитті алдың-алу және емдеу, спазмофилия, әртүрлі генездегі остеомаляция, метаболитті остеопатия, гипокальциемиялық тетания. **Жанама әсері:** колекальциферолға жоғары сезімталдық немесе дозасы асып кеткенде гиперкальциемия немесе гиперкальциуриямен қамтылған симптомдар байқалу мүмкін: жүрек ритмінің бұзылысы, жүрек айну, құсу, бас ауру, әлсіздік, тітіркендіргіштік, дene массасының төмендеуі, несептің жиі бөлінуі, бүйрек тастарының түзілуі, нефрокальциноз. **Қарсы көрсеткіші:** жүктілік, гиперкальциемия, несептас ауруы.

ОНДҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттін 4 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

Ағзадағы кальцийдің дефицитін толтыратын препараттар

Бұл топшаға *кальцитриол*, *тридин* *препараттары* жатады. **Кальцитриол** (рокалътрол). *Фармакологиялық әсері*. Кальцитриол Д₃ витаминінің маңызды метаболиттерінің бірі болып табылады, негізінен ол бүйректе өзінің серігі 25-оксиолекальциферолдан түзіледі. Кальцитриол ішекте кальцидің сінірліуін қамтамасыз етеді. *Қолдануы*. Климатериялық остеопороз, бүйректің созылмалы жетімсіздігі бар науқастардағы бүйрек остеодистрофиясы, псевдодефицитті витамин-D-тәуелді рахит.

Шемірешек үлпасының алмасуына әсер ететін дәрілер

Бұл топшаға *афлутон*, *румалон*, *хондроитин сульфат +диметилсульфоксид*, *хондроитин сульфат натрий* жатады. **Афлутон**. *Фармакологиялық әсері*. Хондропротективті, қабынуға қарсы, анальгетикалық, шеміршек үлпасының регенерациясын қуаттандыратын әсер көрсетеді. *Қолдануы*. Дегенеративті ревматикалық аурулар (гонартроз, коксартроз, остеохондроз, спондилез, қолмен аяқтың ұсақ буындарының артраздары). *Жанама әсері*: инъекция жеріндегі өтіп кететін дерматит, әлсіз миалгия, буыншілік енгізгеннен кейінгі артраптологияның қыска уақытқа қүшеноі. **Хондроитин сульфат натрий** (структурм, картилаг витрум). *Фармакологиялық әсері*. Шеміршек үлпасындағы фосфор-кальций алмасуына әсер ететін препарат жоғары молекулярлы полисахарид болып табылады. Тұтқырлығына

және химиялық құрылымының ерекшелігіне байланысты дәнекер үлпасының қысылуына кедергі жасайды. Ауырсынуды басатын және қабынуға қарсы әсер көрсетеді. *Қолдануы*: буындармен омыртқалардың дегенеративті-дистрофиялық аурулары. *Жанама әсері* сирек кездеседі. *Қарсы көрсеткіші*: препаратқа жоғары сезімталдық..

Иллюстрациялық материал: электронды слайд

Әдебиет: 1-Қосымша

Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):

1. Остеопороз қандай ауру?
2. Ағзадағы кальцийдің дефицитін толтыратын қандай препараттар білесіздер?
3. Остеомаляция қандай ауру?

Тақырыбы: №2 Тыныс алу мүшелерінің функциясына әсер ететін дәрілер

Мақсаты: Студенттерді тыныс алу мүшелерінің функциясына әсер ететін дәрілермен таныстыру

Дәріс тезистері:

Тыныс алу мүшелерінің функциясына әсер ететін дәрілерге бірнеше дәрілік топтар жатады:

1. Тыныс алу қуаттандырғыштары
2. Жөтелге қарсы дәрілер
3. Қахырық түсіретін дәрілер
4. Бронх демікпесінде қолданатын дәрілер
5. Өкпе ісінуінде қоланатын дәрілер

Тыныс алуға қуаттандыратын дәрілер

Тыныс алуға қуаттандыратын дәрілер негізгі әсер ету бағыты бойынша келесі топтарға бөлінеді:

1. Тыныс алу орталығын тікелей активтендіретін дәрілер – бемегрид, этилизол, кофеин
2. Тынысты рефлекторлы түрде қуаттандыратын дәрілер (Н – холиномиметиктер) – цититон, лобелин гидрохлориді
3. Арапас әсерлі дәрілер – көмір қышқылы, кордиамин

Жөтелге қарсы дәрілер

Бұл топтағы препараттар құрғақ, ауырсыну сезімін пайда ететін, азапты жөтелде қолданылады. *Әсер ету механизміне* байланысты препараттарды екі топқа бөлеміз: 1) орталық әсерлі дәрілер 2) шеткөрлік әсерлі дәрілер. *Орталық әсері* бар дәрілердің *әсер ету механизмы*. Сопақша мидағы жөтел рефлексінің орталық бөлімдеріне тежеуші әсер көрсетеді. Бұл топ екі топтаға бөлінеді: 1) наркотикалық әсері бар жөтелге қарсы дәрілер – кодеин және оның

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 5 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

препараттары (жөтелге қарсы таблеткалар, пенталгин, кодтерпин), этилморфин гидрохлориді 2) бейнаркотикалық жөтелге қарсы таблеткалар – окселадин цитраты (тусупрекс, пакселадин), бутамират (стоптуссин), глауцин гидрохлориді (глаувент).

Қақырық тұсіретін дәрілер

Қақырық тұсіретін дәрілер бронхтың шырышты секрециясын және сұйылтуын жоғарылатып, оның жөтел кезінде шығуын жеңілдетеді. Қолдану көрсеткіштері: көбінесе қабыну процестерімен жүретін бронх-өкпе ауруында, бронх демікпесенде.

Қақырық тұсіретін дәрілерді бірнеше топқа бөлуімізге болады: 1) *рефлекторлы әсер ететін препараттарға* ақmia препараторын (тұнба, экстракт), жалбыз тікен, жалаң ми препараторын жатқызамыз. Осы өсімдіктердегі алкалоидтарды ішке енгізгенде ақазан рецепторлерінің тітіркенуін пайда етіп, бронх бездерінің секрециясын рефлекторлы түрде жоғарылатады, сонымен бірге жыпылықтаушы эпителий активтілігі жоғарыладап, бронх бұлышық еттерінің жиырылуы күштейеді. Қақырық көп, сұйық болып жөтелмен шығарылуы жеңілденеді. Үлкен дозада бұл препараттар рефлекторлы түрде құсады пайда ету мүмкін. Бірақ олар бұл мақсатпен қолданбайды. Ішке 30 минут тамақ алдында белгіленеді. 2) *тікелей әсер ететін препараттарға* кқалий иодидін, натрий иодидін, натрий гидрокарбонатын, солутан, бронхосан препараттарын, эфир майларын жатқызамыз. Әсер ету механизми. Тікелей бронхтың кілегейлі қабығының бездеріне әсер етіп, олардың секрециясын жоғарылатады. Бұл препараттарды ішке және ингаляциялық жолдармен енгізеді. 3) *Муколитиктер*. Олар екі топшаға бөлінеді: А) қақырық сұйылтатын дәрілер. Оларға муколитикалық ферменттер: ацетилцистеин, трисин, химотрипсин, карбоцистеин жатады. Әсер ету механизмы. Қақырық белоктарын және басқа молекулаларын ыдыратып, оның сұйылтуына әкеледі. Бұл дәрілерді ингаляциялық жолмен енгізеді. Б) Сурфактанттың пайда болуына әсер ететін дәрілер. Оларға: бромгексин (солвин), амброксол (амбробене, лазолван) жатады. Бұл препараттар бронх бездерінде синтезделінетін сурфактанттардың секрециясын жоғарылатып, қақырық бронхтармен жылжуын жақсартады. Көбінесе ішке таблетка және драже түрінде енгізеді.

Өкпе ісінуінде қолданатын дәрілер

Өкпе ісінуі жүрек-тамыр жүйесінің ауруларында, химиялық заттармен өкпенің зақымдануында, бірқатар инфекциялық ауруларда, бүйрек, бауыр патологияларында, ми ісінуінде дамуы мүмкін.

Өкпе ісінуінің негізгі патогенетикалық терапиясы

1. Артериялық қысым жоғары жағдайында өкпе ісінуін төмендеті үшін артериялық қысымын тұсіру негізгі мақсат болып табылады. Осы мақсатпен ганглиоблокаторлар (пентамин, бензогексоний, гигроний), миотропты әсерлі тамыркенейткіш дәрілер (натрий нитропруссиді, нитроглицерин), α – адреноблокаторлар (фенотоламин) қолданады.
2. Қысым қалыпты болғанда өкпе ісінуін азайту үшін дегидратациялық (маннит) және несеп айдайтын (фуросемид, этакрин қышқылы) қолданады.
3. Альвеоланың ісінуінде оның қуысында пайда болатын көбік – гипоксияны пайда етеді. Бұл жағдайда көбікті басатын дәрілер қолданады. **Этил спирті** ингаляциялық жолмен енгізілгенде ол көпіршіктердің сұйықтыққа айналдырады. Кемшілігі - тыныс алу жолдарына тітіркендіргіш әсер көрсету мүмкін.
4. Өкпе ісінуін емдеуде қабынуға қарсы және иммунодепрессивті әсерлері бар глюкокортикоидтар (преднизолон гемисукцинаты) қолданылады.
5. Өкпе ісінуінің барлық жағдайларында оксигенотерапия емдеу әдісі қолданылады (оттегімен).
6. Өкпе ісінуінде кейбір жағдайларда, мысалы жректің жетіспеушілігінде жүрек гликозидтері (коргликон, строфантин К) қолданылуы мүмкін.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 6 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

7. Жедел өкпе ісінуінде наркотикалық анальгетиктер де (морфин, фентанил) колданылуы мүмкін. Олар шеткерлік артериялар мен веналардың кеңеюін пайда етіп, қан айналымның кіші шенберіндегі қысымның төмендеуіне әкеледі.

Иллюстрациялық материал: электронды слайд

Әдебиет: 1-Қосымша

Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):

1. Жөтедлің қандай түрлерін білесіздер?
2. Қақырық түсіруші дәрілер қалай жіктеледі?
3. Өкпе ісінуі қандай симптомдарымен сипатталынады?

Тақырыбы: №3 Бронх демікпесінде қолданылатын дәрілер.

Мақсаты: Студенттерді тыныс алу мүшелерінің функциясына әсер ететін дәрілермен таныстыру
Дәріс тезистері:

Бронх демікпесінде қолданатын дәрілер

Бронх демікпесі – бронх-өкпе жүйесінің созылмалы қабыну ауруы, жөтелмен және түншігумен сипатталады. Демікпенің даму механизмі спецификалық және спецификалық емес факторларға тыныс алу жолдарының жоғары сезімталдығына негізделген.

Күшейу факторлары өсімдік тозаңы, үй шаны, кез келген басқа аллергендер, сондай-ақ атмосфералық факторлар (жел, ылғалдылық, жоғары және төмен ауа температуrasesы), инфекциялық агенттер, стресс, гормоналды өзгерістер және т.б. болуы мүмкін.

Броҳ демікпесін алдын-алу үшін және бронхоспазмды жою үшін қолданатын дәрілер топтарының бірі бронхтарды кеңейтін (бронхолитикалық) дәрілер болып табылады.
Бронхолитикалық дәрілер ретінде келесі топтар қолданады:

1. Адреномиметиктер мен симпатомиметиктер
 - A. α,β – адреномиметиктер – адреналин гидрохлориді
 - B. Симпатомиметиктер – эфедрин гидрохлориді, солутан, теофедрин
 - B. В – адреномиметиктер
 - a) β – адреномиметиктер
β1,β2 – адреномиметиктер – орципреналин сульфаты, изопреналин гидрохлориді (изадрин)
β2 – адреномиметиктер – сальбутамол, фенотерол, тербуталин, гексопреналин сульфаты, сальметерол, формотерол
 2. М – холиноблокаторлар
 - A. Таңдамалы әсер көрсететін – ипратропиум бромиді
 - B. Таңдамалы емес әсер көрсететін – атропин сульфаты, платифиллин гидротартраты
 3. Миотропты әсерлі спазмолитиктер – теофиллин, теопек, эуфиллин(амнофиллин), теофедрин

Ингаляциялық кортикоистероидтар демікпенің ұстамалдаушы емі үшін ең тиімді дәрілер болып табылады.

Демікпені емдеуге арналған ингаляциялық препараттар тыныспен белсендерілетін өлшенетін дозалы аэрозольді ингаляторлар, мөлшерленген дозалы ұнтақ ингаляторлары, жұмсақ ингаляторлар, небулайзер терапиясына арналған ерітінділер түрінде ұсынылған. ГКС ингаляциясында қолданылатын препараттардың екі буыны бар:

- Бірінші буын препараттары: Беклометазон дипропионат (Беклазон, Кленил)
- II буын препараттары: Будесонид (Бенакорт, Пульмикорт) Флутиказон дипропионат (Фликсотид)

Ұзақ әсер ететін 2-агонисттерді демікпеге монотерапия ретінде қолдануға болмайды, өйткені олар тыныс алу жолдарындағы қабынуға айтарлықтай әсер етпейді. ГКС комбинациясында тиімді. 2-агонисттерді үнемі қолдану оларға қатысты салыстырмалы төзімділіктің дамуына әкелуі мүмкін және бұл қысқа және ұзақ әсер ететін дәрілерге де қатысты.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 7 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

Кромондар. Ересектер мен балалардағы демікпенің ұзақ мерзімді демеуші емінде кромондардың (натрий кромогликаты және натрий недокромил) рөлі өте аз.

Олардың әсері жеңіл персистирленген демікпе мен физикалық жүктемеден туындаған бронх түйілуінде ғана көрсетілген. Кромондар өте әлсіз қабынуға карсы әсерге ие және тәмен дозадағы ГКС-ге қарағанда айтартылтай аз тиімді. Жанама әсерлер сирек кездеседі және ингаляциядан кейін жөтел мен тамақтың ауырсынуын қамтиды.

Антилейкотриенді препараттар - монтерлукаст (Сингулайр), зафирлукаст (Аколат), әлсіз ауыспалы бронходилатациялық әсерге ие, симптомдардың ауырлығын тәмендетеді, тыныс алу жолдарындағы қабынудың белсенділігін тәмендетеді.

Антилейкотриенді препараттар жақсы көтереалушылыққа ие, қазіргі уақытта дәрілердің осы тобының жанама әсерлері аз немесе мүлдем жоқ екендігі көрсетілген.

Метилксантиндер. Қазіргі уақытта теофиллинің екі дәрілік түрі қолданылады: жылдам, бірақ қысқа әсер ететін және белсенді заттың баяу шығарылатын ұзақ препараттары (Теопек, Теотард).

Ең жиі кездесетін жанама әсерлер: жүрек айнуы, бас ауруы, тахикаrdия, бас айналу, құсу, жүрек ырғағының бұзылуы, тері бөртпесі түріндегі аллергиялық реакциялар.

Антихолинергиялық препараттар, ипратропий бромиді, демікпе симптомдарын жеңілдетуде қысқа әсер ететін β_2 -агонистерге қарағанда тиімділігі тәмен. Бұл β_2 -агонистерге тәзбеушілік болғанда қолданылатын препарат. Кебінесе β_2 -агонистермен (Berodual) бірге қолданылады.

Жүйелі глюокортикоидтар астманың ауыр өршуін емдеуде маңызды рөл атқарады, өйткені асқынудардың алдын алу және астма ағымын жақсарту. ГКС негізгі әсерлері 4-6 сағаттан кейін ғана пайда болады.

Изопреналин, сальбутамол, индокатерол, циклесонид, фенотерол, серетид (салметерол + флутиказон), симбикорт (формотерол + будесонид), эпинефрин, эфедрин гидрохлориді, ипратропий бромиді, тиотропий бромиді, аминофиллин, беклометазон дипропионат, кетотифен, зафирлукаст, монтелукаст, рофлумиласт.

Иллюстрациялық материал: электронды слайд

Әдебиет: 1-Қосымша

Қорытынды сұрақтары (көрі байланыс):

1. Бета-агонистер тобындағы бронходилататорлардың әсер ету механизмі қандай?
2. Кетотифеннің әсер ету механизмі?

Тақырыбы: №4 Жүрек-қан тамыр жүйесінің функциясына әсер ететін заттар.

Антиангиналды дәрілер

Мәссағаты: Студенттерді қан жүйесіне әсер ететін дәрілермен таныстыру

Дәріс тезистері:

Коронарлық жеткіліксіздікпен байланысты патологиялық жағдайларды «жүректің ишемиялық ауруы» (немесе жүректің ишемиялық ауруы) термині біріктіреді. Жүректің ишемиялық ауруы стенокардия («стенокардия») және миокард инфарктісі сияқты кең тараған патологияларды қамтиды.

Антиангинальды препараттар - (antianginalia; грек. anti- қарсы + лат. angina pectoris - стенокардия) - стенокардия ұстамаларын тоқтату және алдын алу және жүректің ишемиялық ауруы кезінде коронарлық жеткіліксіздіктің басқа көріністерін емдеу үшін, соның ішінде ауырсынусыз түрін емдеу үшін қолданылатын препараттар.

Миокардтың оттегіге сұранысын тәмендететін және оның қанмен қамтамасыз етілуін жақсартатын препараттар. Бұл препараттар тобына органикалық нитраттар, кальций өзекшелерінің блокаторлары, калий өзекшелерінің активаторлары және амиодарон жатады.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 8 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

I. Миокардтың оттегіге сұранысын төмендететін және оның қаммен қамтамасыз етілуін жақсартатын құралдар. Бұл агенттер тобына органикалық нитраттар, кальций арналарының блокаторлары, калий арналарының белсендерушілері және амиодарон кіреді.

- a) Органикалық нитраттар
- б) Кальций өзекшелерінің блокаторлары (кальций антагонистері)
- в) Калий каналдарының активаторлары
- г) Антиангинальды белсендерлігі бар әртүрлі препараттар

II. Миокардтың оттегіге сұранысын төмендететін препараттар

- а) Миотропты әсер ететін коронарлық кеңеюшілер
- б) Коронарлық спазмы жою, рефлекторлық әсер ету құралдары

Нитраттар. Нитраттардың тамыр қабырғасына тікелей әсері олардың эндогендік «нитрат рецепторларының» сульфидрил топтарымен әрекеттесуінің салдары болып табылады. Бұл жағдайда NO₂ тобы нитрат молекуласынан бөлініп, азот оксидіне айналады. NO бұлшықет жасушаларының цитоплазмасында бос кальций концентрациясын төмендететін ц-ГМФ ферментін белсендереді және осылайша олардың босаңсуын тудырады. Перифериялық тамырлардың, негізінен веналардың кеңеюі қаның жүрекке веноздық қайтарылуының төмендеуіне әкеледі (алдын ала жүктемені азайту). Бұл сол жақ қарыншадағы қысымды төмендетеді; сол жақ қарынша қабырғасының кернеуін және миокардтың энергия мен оттегіге деген сұранысын төмендетеді.

Нитраттар миокардтың ишемиялық аймақтарын қаммен қамтамасыз етеді және миокард инфарктісінің мөлшерін азайтады.

Нитраттар ЖИА (нитроглицерин) ұстамаларын жою үшін немесе алдын алу үшін (нитроглицерин, мононитраттар және изосорбид динитраттарының ұзақ әсер ететін түрлері) қолданылады.

Нитраттардың жағымсыз әсерлері: бас ауруы, бас айналу, шуылдау, жүрекке қан кету. Бұл бет пен бас терісінің тамырларының кеңеюіне, мидың қаммен қамтамасыз етілуінің төмендеуіне байланысты. Нитраттарды қабылдағаннан кейін науқастар ортостатикалық гипотензияны болдырмау үшін 1-2 сағат жатуы керек. Нитраттарға тәуелділік пайда болуы мүмкін, натрий тиосульфаты немесе унитиолды енгізу осы топтардың жетіспеушілігін өтей алады және нитраттарға реакцияны қалпына келтіреді.

Β-адреноблокаторлар – β-адренергиялық жүйелерді ынталандырумен байланысты әсерлерге арнайы блоктаушы әсер ететін препараттар тобы.

Β-блокаторлардың кейбіреулері (пропранолол, немесе анаприлин, тимолол, атенолол және т.б.) β-адренергиялық рецепторларға тек блоктаушы (антагонистік) әсер етеді: ал басқалары (окспренолол, талинолол, пиндолол және т.б.) бір мезгілде кейбір ынталандыруши (агонистикалық) рецепторларға әсер етеді, яғни олардың ішкі симпатомиметикалық (немесе ішінара агонистік) белсендерлігі бар. Бұл белсендерліктен айырылған препараттар жүректің бета-адренергиялық рецепторларының блокадасына байланысты жүрек жирылуын бәсендетеді, ал мұндай белсендерлігі бар препараттар жүрек соғу жиілігіне айқын әсер етпейді немесе жүрек жұмысын біршама ынталандыруы мүмкін.

Әртүрлі β-блокаторлар β 1- және β 2-адренергиялық рецепторларға әсер ету селективтілігімен де ерекшеленеді. β 1 - адренергиялық рецепторларды (атенолол, метопролол, талинолол және т.б.) таңдамалы блоктайтын препараттар кардиоселективті деп аталады. Басқалары (пропранолол, немесе анаприлин, окспренолол, пиндолол, тимолол және т.б.) β 1-адренергиялық рецепторларға (жүректерге) және β 2-адренергиялық рецепторларға (бронхтарға) бір мезгілде әсер етеді және олар селективті емес (селективті емес) деп аталады. β 2-адренергиялық рецепторларға қатарлас әсер ету бронх түйілуін тудыруы мүмкін, сондықтан мұндай препараттарды бронх түйілуіне бейім емделушілерде аса сақтықпен қолдану керек.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 9 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

Кардиоселективтіліктің абсолютті емес екенін есте ұстаған жөн: үлкен дозаларда селективті β_1 -адреноблокаторлар β_2 -адренергиялық рецепторларды блоктай алады.

β -адреноблокаторлар жүрек-қан тамырлары ауруларын емдеуде кеңінен қолданылады. Олар жүректің ишемиялық ауруы, жүрек ырғағының бұзылуы және гипертонияның кейбір түрлері үшін тағайындалады. Көптеген бета-блокаторлардың әсерінен миокардтың жиырылу қабілеті төмендейді (теріс инотропты әсер): миокардтың оттегін тұтынуы төмендейді. β -блокаторлардың антиангинальды әсері миокардтың оттегіне сұранысының төмендеуімен (жүректің энергия шығындарының төмендеуіне байланысты), сондай-ақ миокардтың аймақтық (коронарлық) қан ағымының ишемиялық ошактардың пайдасына қайта бөлінуімен түсіндіріледі. Белгілі бір рөлді миокардтың симпатикалық иннервация әсеріне сезімталдығының төмендеуі де атқарады.

Қазіргі уақытта бета-блокаторлар медициналық тәжірибеде кеңінен қолданылады. Он нәтиже гипертонияда, жүрек ырғағының бұзылуында, сондай-ақ кейбір эндокриндік (гипертреоз және т.б.), жүйке және басқа ауруларда байқалады. β -блокаторлар глаукоманы емдеуде (көзішлік қысымды төмендету үшін) кең қолдануды тапты (Тимолол, Проксолол).

Стенокардия кезінде қолданылатын L типті кальций өзекшелерінің блокаторларына верапамил, дилтиазем, нифедипин (фенигидин), амлодипин (нормодипин) және басқа да препараттар жатады. Олардың әрекетінің негізгі принципі кальций иондарының жасушадан тыс кеңістіктен бұлшықетке енуін бұзды. кернеуі бар баяу кальций арналары (L-арналары) арқылы жүрек пен қан тамырларының жасушалары. Мұндай препараттардың (мысалы, верапамил) стенокардиядағы тиімділігі олардың жүрек жұмысын төмендететіндігімен және коронарлық тамырларды кеңейтетінімен түсіндіріледі, яғни. жүректің оттегіге деген қажеттілігін азайтады және сонымен бірге оның жеткізілуін арттырады.

Калий арналарының активаторлары. Осы топқа жататын препараттар (пинацидил, никорандил және т.б.) жасушашілік АТФ арқылы реттелетін калий арналарын (К_{ATP}-арналарын) ашады. Бұл кезде тегіс бұлшықет жасушаларынан калий иондары шығарылады, бұл гиперполаризацияға экеледі. Осының аясында кернеуге тәуелді кальций арналары ашылмайды және сәйкесінше кальций иондарының жасушашілік құрамы төмендейді. Нәтижесінде қан тамырларының тегіс бұлшықеттерінің тонусы төмендейді.

Иллюстрациялық материал: электронды слайд

Әдебиет: 1-Қосымша

Бақылау сұрақтар (көрі байланыс):

1. Нитраттардың жанама әсерлері қандай?
2. Стенокардия ұстамасында қолданылатын препараттар.

Тақырыбы: №5 Жүрек қантамыр жүйесінің функциясына әсер ететін дәрілер.
Антагипертензивті дәрілер.

Мақсаты: Студенттерді жүрек-қан тамыр жүйесінің функциясына әсер ететін дәрілермен таныстыру

Дәріс тезистері:

Антагипертензивті құралдар.

I. Нейротропты құралдар:

- 1) Вазомоторлы орталықтардың тонусын төмендететін құралдар: Клонидин (клофелин), метилдофа (допегит), гуанфацин (эстулик);
- 2) Симпатолитиктер: резерпин және резерпині бар препараттар (раунатин, адельфан), гуанетидин (октадин); 1) АБ-лар: А) α - АБ – празозин (α_1); Б) α_1, α_2 -АБ – фентоламин, тропафен; В) β - АБ: а) β_1 , β_2 - АБ (кардиоселективті емес): пропранолол гидрохлорид (анаприлин), пиндолол (вискен), надолол, оксепренолол; б) β_1 АБ (кардиоселективті): атенолол, метопролол (беталок), талинолол; в) α , β -АБ – лабеталол;
- 3) Ганглиоблокаторлар: бензогексоний, пентамин.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 10 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

II. Миотропты құралдар:

- 1) Артериолаларды кеңейтетін құралдар: Гидралазин (апрессин);
- 2) Артериолаларды және венулаларды кеңейтетін құралдар;
- 3) Натрий нитропруссиді; 4) Әртүрлі құралдар: Магний сульфаты, дибазол.

III. Калий өзектерінің (каналшаларының) активаторлары: Миноксидил, диазоксид.

IV. Кальций антагонистері: Верапамил (изоптин), нифедипин (фенигидин).

V. Ренин – аngiotenzin жүйесіне әсер ететін құралдар:

- 1) аngiotenzin II синтезін ингибиторлері (тежеушілері): Каптоприл (тензиомин), эналаприл (энап), трандолаприл (гоптен), периндоприл (коверекс);
- 2) Аngiotenzin рецепторлеріның блокаторлары: Саралазин (лозартан).

IV. Су – тұз алмасуына әсер ететін құралдар (диуретиктер): Гидрохлортиазид (дихлотиазид), фуросемид, этакрин қышқылы (урегит), клопамид, спиронолактон (верошпирон).

Несеп айдаушы құралдар көбінесе ағзадан көп мөлшерлі судың шығаруына және әртүрлі жағдайлардан пайда болған ісінүлерді жою үшін, АҚ тәмендету үшін арналады. Кейір препараттарды уланғанда химиялық заттарды ағзадан тез шығару үшін қолданылады.

Нейротропты әсері бар антигипертензивті препараттар.

Тамыр тонусын реттеудегі орталық буындарға әсер ету: альфа-2-адренергиялық агонистердің вазомоторлы орталық нейрондарының альфа-2-адренергиялық рецепторларын (клонидин, гуанфацин) тіkelей қоздыруы немесе бұрынғы орталық жүйке жүйесінде метилнорепинефринің түзілуіне ықпал етеді. орталық альфа-2 адrenomецепторлар (метилдопа). Бұл препараттар прекапиллярлардың тонусын тәмендетеді және тамырлардың тонусына аз әсер етеді. Жүйелі қан қысымының тәмендеуін тудырады.

Қан тамырлары тонусының жүйке реттелуінің перифериялық буындарын тәжійтін заттар - ганглиоблокаторлары симпатикалық және парасимпатикалық ганглияның Н-холинергиялық рецепторларын бөгейді, артериялық және веноздық қысымды тәмендетеді және ол тәмендеген кезде жүйелік қысымды қалпына келтіруге бағытталған организмнің компенсаторлық реакцияларын бұзады (ортостатикалық гипотензия мүмкін).

Симпатолитиктер симпатикалық жүйке талшықтарының ұштарындағы медиатордың қоймаларын тоздырады, артериялық және веналық қысымды тәмендетеді. Олар гипертонияның бастапқы кезеңдерінде қолданылады. Әсер бірте-бірте дамиды. Қазіргі уақытта сирек қолданылады.

Постсинаптикалық әсердің адrenomблокаторлары: альфа-1- және альфа-2-блокаторлар жүйелік және өкпелік қан айналымындағы қысымды тәмендетеді. Гипертонияда белсенді емес. Қандағы адремалиннің жоғары деңгейімен (феохромоцитома) жүретін ауруларда тиімдірек.

Альфа-1 блокаторлары бірінші дозадан кейін қан қысымын тәмендетеді. Олардағы альфа-1-блокаторлық әсерін тіkelей миотропты спазмолитикалық әсермен (празозин) біріктіруге болады. Гипертонияда тиімді.

Бета-1- және бета-2-блокаторлар жүйелі қан қысымын және миокардтың оттегіге сұранысын тәмендетеді. Артериялық қысымның тәмендеуі жүректің шығарылуының тәмендеуінің салдары болып табылады (жүректің бета-1-адренергиялық рецепторларының блокадасы).

Селективті емес альфа-1-, альфа-2-, бета-1- және бета-2-блокаторлар жүйелі қолданумен шеткергі қантамырлардың кедергісін, жүйелі қан қысымын, жүрек соғу жиілігін, ренин өндірісін тәмендетеді.

Симпатикалық жүйке жүйесінің барлық тежегіштері (бета-блокаторлардан басқа) бірқатар жағымсыз реакцияларды тудырады: ортостатикалық гипотензия (науқасқа көмектесу үшін көлденен жату керек, қажет болған жағдайда альфа-адренергиялық агонистерді енгізу), жыныстық дисфункция, натрий және денеде суды ұстап тұру (олардың комбинациясы салуретиктермен сәйкес препараттар).

Ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесіне әсер ететін гипертензияға қарсы препараттар.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 11 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

ACE ингибиторлары перифериялық тамырларды кеңейтеді, қан қысымын төмендетеді, артериялық гипертензия және жүрек жеткіліксіздігі үшін қолданылады. Жанама әсері - жетел; қарсы көрсеткіштер – бүйрек артерияларының екі жақты стенозы немесе азотемиямен бір бүйрек артерияларының стенозы.

Ангиотензивті рецепторлардың блокаторлары – лазортан (козар), саралазин. Олар ААФ ингибиторларын қолдануға қарсы көрсетілімдер болған жағдайда тағайындалады.

Иллюстрациялық материал: электронды слайд

Әдебиет: 1-Қосымша

Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):

1. Артериялық гипертензияны емдеу үшін қандай диуретиктер қолданылады?
2. Бета-блокаторлардың гипертензияға қарсы әсер ету механизмдері қандай?
3. Бета-блокаторлардың қандай жанама әсерлерін білесіз?
4. Күшті диурезге қандай препарат қолданылады?

Тақырыбы: №6 Асқорыту мүшелерінің функциясына әсер ететін дәрілер

Мақсаты: Студенттерді асқорыту мүшелерінің функциясына әсер ететін дәрілермен таныстыру

Дәріс тезистері:

Ас қорыту мүшелерінің функциясына әсер ететін дәрілерге бірнеше дәрілік топтар жатады:

Тәбетке әсер ететін дәрілердің жіктелуі.

I. Катехоламинергиялық жүйеге әсер ететін дәрілер (ОЖЖ қуаттандыратын)

1. Фенилалкиламин туындылары: фепранон (амфепрамон), дезопимон (хлорфентермин)
2. Изоинддол туындысы – мазиндол (теронак)

II. Серотонинергиялық жүйеге әсер ететін дәрілер (ОЖЖ тежейтін)

Фенфлурамин (пондимин)

Сілекей бездерінің қызметіне әсер ететін дәрілер.

Сілекей бездерінің фармакологиялық реттенуі негізінен олардың иннервациясына әсер ету жолымен жүзеге асады. Холинергиялық жүйкелердің қозуы сұйық сілекейлердің мол бөлінуін болдыратыны белгілі, сондықтан M – холиномиметикалық активтілікке ие заттар (пилокарпин гидрохlorиді, карбахолин, прозерин және т.б.) сілекейдің бөлінуін күшейтеді. Керісінше M – холиноблокаторлар (атропин тобы) сілекей бездерінің секрециясын төмендетеді. Препараттардың соңғы тобы ғана практикалық маңызға ие. Оларды Паркинсон ауруы кезінде, ішек құрттардың инвазиясы, ауыр металдармен улану жағдайында пайда болатын гиперсаливацияда қолданады.

Асқазан бездерінің қызметі бұзылғанда қолданатын дәрілер. Асқазан бездер секрециясын жоғарылататын дәрілер. Орынбасуышы терапиядағы дәрілер. Асқазан бездерінің секрециясын төмендететін дәрілер.

1. Таңдамалы M₁ – холиноблокаторлар

Пирензепин гидрохlorид (гастроцепин)

2. H₂ – гистаминблокаторлар

Ранитидин (ранисан, ранитин)

Фамотидин (ульфамид)

Циметидин (гистодил)

3. Протон насостарының ингибиторлері

Омепразол (омез, омепрол)

4. Простагландиндердің синтетикалық туындылары

Мизопростол (цитотек)

Антацидті дәрілер. Гастропротекторлер. Асқазан моторикасына әсер ететін дәрілер.

Құсуды пайда ететін, құсуға қарсы дәрілер. Құсуға қарсы дәрілер. Өт айдайтын дәрілер.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 12 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

Өт айдайтын дәрілердің жіктелуі.

I. Өттің пайда болуын қуаттандыратын дәрілер (холесекретиктер)

1. Өт қышқылдары мен тұздары: дегидрохоль қышқылы (дегидрохолин)
2. Өт препараттары: холензим, аллохол
3. Өсімдік препараттары: холагон, холосас, салаубас препараттары (фламин), жүгері препараттары
4. Синтетикалық дәрілер – оксафенамид (осалмид)

II. Өттің шығуын жеңілдететін дәрілер (холекинетиктер)

1. М - холиноблокаторлар: платифилин гидротартраты, атропин сульфаты
2. Миотропты спазмолитиктер – дротаверин гидрохлориді (но-шпа)
3. Рефлекторлы әсер ететін дәрілер – магний сульфаты

Үйқы безінің экскреторлы функциясы бұзылғанда қолданатын дәрілер. Ішек моторикасына әсер ететін дәрілер. Иш айдайтын дәрілер.

I. Ішектің барлық аймағына әсер ететін дәрілер

1. Өсімдік текті – майсана майы
2. Тұзды іш айдайтын: магний сульфаты, натрий сульфаты

Тоқ ішекке әсер ететін дәрілер

1. Өсімдік текті – сана препараттары (экстракт, антрасенин, сенаде)
2. Синтетикалық дәрілер: натрий пикосульфаты, бисакодил

Иллюстрациялық материал: электронды слайд

Әдебиет: 1-Қосымша

Бақылау сұрақтары (кері байланыс):

1. Панкреатит аурудың қандай түрлерін білесіздер?
2. «Алиментарлы семіздік» дегеніміз не?
3. «Анорексигенді дәрілер» қандай жағдайларда қолданылады?

Тақырыбы: №7 Зәр шығару жүйесінің функциясына әсер ететін дәрілер (диуретиктер) Зәр шығару жүйесінің функциясына әсер ететін дәрілер (диуретиктер).

Мақсаты: Студенттерді зәр шығару жүйесінің функциясына әсер ететін дәрілермен таныстыру
Дәріс тезистері:

Диуретиктердің жіктелуі

- I. Бүйрек тұтікшелерінің эпителий функциясына тікелей әсер ететін диуретиктер
 1. Сульфаниламидты топшасы бар заттар
 - a) Тиазидтер – дихлотиазид (гидрохлортиазид, гипотиазид), циклометиазид (салимид), индапамид
 - b) Құрылсыы әртүрлі заттар – фуросемид (лазикс, фрузикс), клопамид (бринальдикс), оксодолин (хлорталидон, гигротон)
 2. Дихлорфенилсірке қышқылының туындылары
Этакрин қышқылы (урегит)
 3. Ксантиnder – эуфиллин
 4. Птеридин туындылары – триамтерен (птерофен)
 5. Пиразиноилгуанидин туындылары – амилорид
- II. Альдостерон антагонистері
Спиронолактон (альдактон, вероширон)
- III. Осмости активті диуретиктер
Маннит (маннитол)

Бірінші топ препараттарының негізгі әсерін бүйрек тұтікшелерінің эпителий функциясына тәжеуші әсерімен байланыстырады. Бұл натрий, хлор иондарының және сәйкес су мөлшерінің реобсорбциясын азайтады.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 13 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

Дихлотиазид. Дистальды тұтікшелердің бастапқы бөлігіндегі натрий және хлор иондарының реабсорбциясын тежейді. Карбоангидразага тежеуші әсеріне байланысты гидрокарбонаттың да реабсорбциясы төмендейді. K^+ иондарының секрециясы жоғарылайды. Магний иондарының экскрециясы бұзылады. Осы құбылыстар несеппен Na^+ , Cl^- , K^+ , Mg^{+2} иондарының және гидрокарбонаттың шығуына әкеледі. Осыған қоса дихлотиазид зәр қышқылының шығуын төмендету нәтижесінде, гиперурикемияны шақыруы мүмкін. (Бұл жанама әсерге жатады). Ацидоз және алкоголь жағдайларында препарат активтілігі сақталынады. ИКТ арқылы жақсы сінірледі. Әсері 30-60 мин. кейін басталынып, максимальды әсері 2 сағаттан кейін болады. Жалпы әсер уақыты 8-12 сағат. Бүйрекпен шығарылады. Колданылуы: диуретик ретінде гипотензивті құрал ретінде, глаукомада, қантты емес несеп шығаруында. Жанама әсері - негізгісі гипокалиемия (оны алдын – алу және емдеу үшін калий хлоридін, “аспаркам”, “панангин” таблеткалары қолданылады), алкоголь, кейбір кезде жүрек айнуы, құсу, іш өтуі, әлсіздік, гипергликемия, эртүрлі аллергиялық реакциялар. Ұқсас қасиеттер **циклометиазид** көрсетеді. Дихлотиазидке қарағанда активтілігі 50 есе жоғары. Ұзақ диуретикалық әсерлі препараттарға клопамид және оксололин жатады. **Клопамидтің** активтілігі жоғары, әсер ұзақтығы 1 тәуліктен асады (орташа 8-18 сағат). **Оксодолин** эффектісі 2-4 сағаттан кейін басталынып, 3 тәулікке дейін сақталынады. Диуретикалық қасиеттері. Na^+ иондарының реабсорбциясының тежелінуімен байланысты. Екі препаратта АҚ түсіреді. ИКТ жақсы сінірледі. Бүйрекпен және ішектермен шығарылады. Қолдану көрсеткіштері және жанама әсерлері дихлотиазидке ұқсас. Активтілігі жоғары, тез және қысқа уақыт әсер етуші препаратқа **фуросемидті** жатқызады. Әсер ету механизмі: нефронағы Na^+ , Cl^- иондарының реабсорбциясын тежейді. Mg^{+2} және K^+ иондарының шығуын жоғарылатады, бүйрек қан айналымын жоғарылатады. Бұл құбылыстар диурездің жоғарылауына әкеледі. Зәр қышқылын ағзада жиналуын шақыртады. Қүре тамырға енгізгенде, әсері 3-4 минутта басталынып, 1-2 сағатқа созылады. Ішке енгізгенде 20-30 мин. кейін басталынып, 3-4 сағатқа дейін сақталынады. Орташа гипотензивті активтілікке ие. Колданылуы: артериялық гипертензияларда АҚ төмендету үшін, өкпе, бас ми ісінүлерінде, химиялық заттармен жедел улану кезінде форсирленген диурез үшін. **Жанама әсері:** гипокалиемия, гипомагниемия, диспепсиялық бұзылыстар, бас ауру, бас айналу. **Этакрин қышқылы** фуросемидке қарағанда диуретикалық активтілігі төмендірек. Қүре тамырға енгізгенде, әсері 15 мин. кейін басталынып 3-4 сағатқа дейін созылады. Ішке енгізген жағдайда, әсері 60-90 мин кейін басталынып, 8 сағ. дейін созылады. Орташа гипотензивті активтілікке ие. Колданылуы: фуросемидке ұқсас. **Жанама әсері:** гипокалиемия, алкоголь, әлсіздік, бас айналу, іштің өтуі, есту қабілетінің төмендеуі. **Триамтерен** – ағзада K^+ , Mg^{+2} иондарының сақталуына әкелетін диуретиктерге жатады. Диуретикалық активтілігі төмен. Диурездің жоғарылауы дистальды тұтікшелердегі Na^+ , Cl^- иондарының реабсорбциясының тежелуімен байланысты. Ішектен жақсы сінірледі, 50% плазма белоктарымен байланысады. Максимальды эффектісі 2 сағат кейін байқалынады, әсер ұзақтығы 6-8 сағат. Колданылуы: қыстырылған тұрде гипокалиемияны шақыратын диуретиктермен бірге береді. **Жанама әсері:** диспепсиялық құбылыстар, бас ауру, гиперкалиемия. Калий және магнийсақтағыш диуретиктерге **амилорид** препаратын жатқызады. Эффективтілігі бойынша дихлотиазидке қарағанда төмен. Ішке енгізіледі, әсері 2 сағ кейін басталынып, 24 сағатқа дейін сақталынады. Триамтерен сияқты гипокалиемияны шақыратын диуретиктермен қолданылады. **Жама әсері:** гиперкалиемия, құсу, жүрек айну, бас ауру.

Альдостерон антагонистері

Спиронолактон. Альдостерон, Na^+ иондарының ағзадан шығуын азайтады. Әсер ету механизмі - альдостерон әсер ететін рецепторлардың бөгетін жасап, несеппен Na^+ , Cl^- иондарының және судың шығуын жоғарылатады. K^+ иондардың шығуын азайту нәтижесінде, олардың қандағы мөлшері жоғарылайды (калий, магнийсақтағыш диуретиктерге жатады). Активтілігі төмен диуретиктерге жатады. Әсері баяу басталынады (2-5 күн арасында), ішке енгізеді. Колданылуы - ісінүлер кезінде және гипокалиемияны шақыртатын диуретиктермен

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 14 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

бірге, гипертония кездерінде. Жанама әсері - бас айналуы, ұйқышылдық, тері бөрітпелері, гиперкалиемия, гинекомастия. Бүйрек ауруларында қолданылады.

Осмостық диуретиктер

Әсер ету механизмі – бүйрек тұтікшелеріне түсken кезде, олар осмостық қысымға байланысты Na^+ иондарының және судың реабсорбциясын төмендетеді. **Манитті** – несеп айдаушы және дегидратациялық құрал ретінде (өкпе, бас ми ісінуінде), химиялық заттармен уланған кезде қолданылады.

Иллюстрациялық материал: электронды слайд

Әдебиет: 1-Қосымша

Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):

1. Несеп айдайтын дәрілер қалай жіктеледі?
2. «Форсирленген диурез» қандай препараттремен жүргізіледі?
3. Қандай ұзақ әсерлі несеп айдайтын дәрілер білесіздер?
4. Бүйрек тұтікшелерінің эпителийінің қызметіне тікелей әсер ететін тиімділігі жоғары, тез және қыска әсер ететін дәрі.
5. Несеп айдағыш және сузыздандыратын препарат (ми ісінуі үшін), жедел химиялық улану үшін препарат.

Тақырыбы: №8 Эндокриндік жүйенің қызметіне әсер ететін дәрілер.

Мақсаты: Студенттерді эндокринді бездердің функциясына әсер ететін дәрілермен таныстыру
Дәріс тезистері:

Гормондар - әртүрлі ұлпалармен және эндокрин бездерімен шығарылатын, биологиялық активті заттар. Химиялық құрылышына байланысты гормонды препараттар келесі топтарға бөлінеді:

1. Белок және пептидті құрылымды заттар – гипоталамус, гипофиз, паракалканша және ұйқы безінің гормонды препараттары, кальцитонин.
2. Аминоқышқылдардың туындылары - қалқанша безінің гормонды препараттар.
3. Стероидты қосылыштар – жыныс бездерінің және бүйрек үсті қыртысының гормонды препараттары.

Эндокрин бездерінің гиперфункциясында гормондардың антагонистерін қолданылады.

Гипоталамус және гипофиз гормондарының препараттары

Гипофиз 3 бөліктен тұрады. Алдыңғы бөлікте: 1) Адренокортicotропты 2) Соматотропты 3) Тиреотропты 4) Лактотропты 5) Фоликулостимулдауші 6) Лютеинизирлеуші гормондар бөлінеді

Артқы бөлікте: 1) Окситоцин 2) Вазопрессин гормондары бөлінеді

Гипофиздің артқы бөлігінің гормондары. Окситоцин – негізгі эффектісі миометрииге қуаттандырғыш әсерімен байланысты. **Колданылуы:** босануды қуаттандыру, туудан кейінгі қан кетулер және лактацияны қуаттандыру үшін. ӘБ дозаланады. Қуре тамырға және бұлышық енгізеді. **Дезаминоокситоцин** – окситоциниң синтетикалық аналогы, оның ерекшеліктері: ферментерге тұрақты, әсері ұзақ. Трансбуцкальды енгізеді (ұртқа).

Антидиуретикалық гормон - вазопрессин екі қасиетке ие: 1) нефронның дистальды бөлігінде судың реабсорбциясын реттейді 2) біріңгай салалы бұлышық еттерге қуаттандырғыш әсер көрсетеді. Судың әсері- 30 мин-2 сағат болады. **Колданылуы:** қантсыз диабет, тері астына, бұлышық етке енгізеді. ӘБ – дозалайды. Жанама әсері- АҚ жоғарылайды.

Қалқанша безінің гормондық препараттар және антитиреоидты құралдар. Кальцитонин

Қалқанша безінде L-тироксин және L-трийодтиронин гормондары түзіледі. Олардың синтезінде тамақпен түсетін йод қатысады.

Тиреоидты гормондар ағзаның өсуін және дамуын реттеуіне қатысады. Олар бас ми, сүйектердің және басқа мүшелер мен жүйелердің дамуына әсер етеді. Жас кезінде олардың жетіспеушілігі кретинизмнің дамуына әкеледі. Ересектерде қалқанша безінің жетіспеушілігі

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 15 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

алмасу процестердің тежелінуімен, физикалық және ой қабілетінің азаюымен, апатиямен, ұлпалардың ісінуімен, жүрек жұмысының бұзылуымен сипатталынады. Бұл патология “Микседема” деп аталынады. Медицина практикасында: тироксин (левотироксин). Трийодтиронин гидрохлориді (лиотиронин), тиреоидин препараттары қолданылады.

Тироксин- ішке, сирек күре тамырға енгізеді. Әсері біртіндеп 8-10 күннен кейін максимальды болады. Әсер ұзақтығы бірнеше апта.

Трийодтиронин гидрохлориді тироксинге қарағанда әсері тезірек басталынады (максимальды эффектісі 24-48 сағаттан кейін) және бірнеше күнге дейін сақталынады. Ишке енгізеді. Тиреоидты гормонды препараттардың негізгі қолдану көрсеткіштері - гипотиреоидизм – кретинизм және микседема. Дозасы артып кеткен жағдайда: қозғыштық, терлеу, тахикардия, трепор, салмақтың азауы.

Антитиреоидты құралдар. Қалқанша безінің гиперфункциясында (гипертиреоидизм, базедов ауруы) қолданылады.

1. Гипофиздегі алдынғы бөлігінен тиреотропты гормонның шығуын тежейтін құралдар
Йод препараттары (Калий йодиды, Люголь ерітіндісі), дийодтирозин (дитирин)
2. Қалқанша безімен тиреоидты гормондардың синтезін тежейтін құралдар

Мерказолил (тиамазол), йодты молекулярлы йод немесе йодидтер түрлерінде қолданады. Ол ІҚТ жақсы сінірледі. Гипофиздегі тиреотропты гормонның шығуын тежайді. Қалқанша безінің көлемін азайтады. Эффектісі 2-3 апта сақталынады. Аналогы – дийодтирозин препараты.

Мерказолил қалқанша безіндегі тироксин және трийодтирониннің синтезіне басым келтіреді. Ишке енгізеді.

Жанама әсері- лейкопения және агранулоцитоз, дисспеция. Антитиреоидты препараттарды тиреотоксикозды (базедов ауруын) емдеу үшін қолданылады.

Кальцитонин. Кальцитонин қалқанша безінің бір қатар клеткаларында жасалынады. Ол кальцийдың алмасуының реттеуіне қатысады. Негізгі эффектісі сүйектердің декальцификация процесстерін тежеу. Кальцитрин препараты қолданады.

Қолданылуы: остеопороз (қарт адамдарда, глюокортикоидтарды ұзақ қолданғанда) және нефроказальциноз.

Үйқы безінің гормонды препараттары және синтетикалық диабетке қарсы құралдар.

Үйқы безінің гормондары көмірсүтек алмасуында үлкен роль қызмет атқарады. Лангерганс аралының β -клеткаларында гипогликемиялық әсері бар инсулин гормоны, ал α -клеткаларымен гипергликемияны шақыртатын глюкагон гормоны пайда болады.

I. Инсулин препараттары:

1. Қысқа әсерлі

Нейтральды еритін инсулин

2. Орташа әсерлі

Изофан протамин инсулин

Инсулин – аминохинурид

Аморфты инсулин – цинк суспензиясы

Құрамды инсулин – цинк суспензиясы

3. Ұзақ әсерлі

II. Синтетикалық диабетке қарсы құралдар

1. сульфонилмочевина туындылары

1 буын

Бутамид (толбутамид)

Букарбан (карбутамид)

Хлорпропамид (диабарил)

2 буын

Глибенкламид (гилемал, глюкобене)

Глипизид (глибенез)

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 16 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

Гликвидон (глюренорм)

Гликлазид (диабетон)

2. Бигуанидтер

Глибутид (буформин)

Глиформин (метформин)

Ішке енгізгенде эффективті гипогликемиялық құралдар

Бутамид. ӘЕМ- үйқы безінің β-клеткаларына қуаттандыруышы әсер көрсетіп, олардан инсулиннің босап шығуын күштейтеді. ІҚТ жақсы сінірледі. Максимальды концентрациясы 3-4 сағаттан кейін жиналады. Әсері 12 сағатқа дейін сақталынады. Бүйрекпен шығарылады.

Жанама әсері - диспепсиялық бұзылыстар, аллергиялық реакциялар, сирек-лейкопения, тромбоцитопения, бауыр функциясының тежелінуі. Үйрекшітік пайда болуы мүмкін.

Хлорпропамид бутамидке қарағанда активтілігі жоғары және ұзақ әсері бар. Концентрацияның 30 пайызға аzaоы 32-35 сағатта болады. Бүйрекпен өзгермеген түрде шығарылады.

Жанама әсері - бутамидке қарағанда айқын және жиі көрінеді.

Колданылуы: қантты диабетінің жеңіл және орташа ауырлық дәрежелерінде (40-45 жастан жоғары науқастарда).

Глибутид. ӘЕМ- глюкозаның бұлшық еттерімен сінірлуда шақыртады. Бұлшық еттерде сұт қышқылы жиналады. Бауырдағы гликонеогенезді тежейді. ІҚТ арқылы жақсы сінірледі. Максимальды эффектісі 4-6 сағаттан кейін көрініп, 14 сағатқа дейін сақталынады.

Жанама әсері - жүрек айну, құсу, іш өту, ацидоз. Гипогликемиялық құралдар қандағы және несептегі қант мөлшеріне байланысты дозаланады.

Әйел жыныс бездерінің гормондық препараттары

Эстрогендерді және антиэстрогендерді препараттар

Жіктелуі

1. Эстроген препараттары және олардың стероидты аналогтары
Этинилэстрадиол (микрофоллин)
Эстриол (овестин)
Эстрадиол
Эстрон (фолликулин)
2. Эстрогендер активтілігі бар стероидты емес препараттар
Синэстрол (гексэстрол)
Фосфэстрол
3. Антиэстрогендер препараттар
Кломифенцитрат (клостильбегит, кломид, перготаим)
Тамоксифен

Гестагенды және антигестагенды препараттар

1. Жай әсерлі препараттар
Норэтистерон (примолют)
Прогестерон, гидроксипрогестерон (оксипрогестерон)
Линестренол (оргаметрил)
2. Ұзақ әсерлі препараттар
Медроксипрогестерон ацетаты (депо – провера)

Прогестерон - эндометрийге әсер етіп, жұмыртқа жасушасының имплантациясына дайындауды. Ол миометрий қозғыштығын азайтады, сұт безінің ұлпаларының өсуін шақыртады. Күнделікті бұлшық етке белгіледі.

Оксипрогестерон капронаты әсері баяу басталып, 7-14 қүн әсер етеді. Бұлшық етке майлы ерітінді түрде енгізеді. Гестагендерді түсікті алдын алу үшін, сары дененің функциясының жетімсіздігінде және менструация бұзылуында қолданады. Антигестагенді құралдарға RI-486

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 17 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

препарат жатады. Ол жатырдағы гестагенді рецепторларын байланыстырып гестагендердің әсерлерін азайтады.

Ерек жыныс бездерінің гормонды препараттар және антиандрогенді құралдар.

Тестостерон гормоны әсерінен жыныс мүшелерінің және екіншілік жыныс қасиеттерінің дамуы, сперматогенездің басқарылуы байқалынады. Тестостерон белок алмасуға да әсер етіп, белок синтезін шакыртады (анаболикалық әсері). Медицина практикасында тестостеронның эфирлері қолданылады: тестостерон пропионаты (аговирин, андрофорт) және тестэннат (тестостерон энантаты) - синтетикалық жолымен алынады. Екі препаратта да айқын андрогенді және анаболикалық активтіліктер көрсетеді. Тестэннаттың тестостеронға қарағанда эффектісі баяу басталып, ұзақ уақыт сақталынады. Тестостеронды 2 күнде 1 рет, ал тестэннатты 3-4 аптада 1 рет енгізеді. Екеуі де бұлшық етке енгізу үшін майлы ерітінді түрінде шығарылады.

Метилтестостерон (андорал, маднол). Химиялық құрылышы және биологиялық әсеріне байланысты тестосторонға ұқсас. Оның ішке қабылданатындығы артықшылығы болып саналады. Тіл астына енгізеді.

Жалпы андрогендердің қолданылуы: ерек жыныс бездерінің функцияларының жетімсіздігі (жыныстың толық дамымауы, импотенция, климакс), әйелдерде сүт безінің қатерлі ісігінде, дисменоря кездерінде.

Жанама әсері - әйелдерде – маскулинизация эффекті – дауыстың жуан болуы, еркектердегідей шаштың өсуі, ағзада судың және тұздардың жиналуы.

Антиандрогенді құралдар: **ципротерон** - тестостеронға сезімтал рецепторларды байланыстырып, сперматогенезды тежейді. ОЖЖ-дегі андрогенді рецепторларды тежеп, импотенцияны шақыртады.

Колданылуы: еркектерде-гиперсексуальдылықта, әйелдерде-гирсутизмде.

Флутамид. Қолданылуы - қыық асты безінің ісігі.

Анаболикалық стероидтар

Белок синтезін күштейтіп, қанقا бұлшық еттерінің, паренхиматозды мүшелердің, сүйек ұлпаларының салмағын жоғарылатады.

Фенаболин (нандролон фенилпопионаты, дураболин, нероболил). **Ретаболил** (нандролон деканоаты). Фенаболил 7-15 күн бойы әсер етеді. Ретаболил 3 аптаға дейін әсер көрсетеді. Бұлшық етке майлы ерітінді түрінде енгізіледі. Метандростенолон (неробол, дианабол) әсері ұзақ емес күніне 1-2 рет таблетка түрінде енгізеді.

Колданылуы: тәбетті жақсартады, остеопороз кезінде сүйектердің кальцификациясы тезделінеді. Кахексияда, астенияда, глюкокортикоидтарды ұзақ қолданғанда, сөule терапиясынан кейін, регенерация процесстерді қуаттандыру үшін (мысалы, сүйек сынған кезде). Жанама әсері маскулинизация, жүрек айнуы, ісінулер, бауыр функциясының бұзылуы.

Колдануға қарсы көрсеткіші-жүктілік және лактация кездерінде, қыық асты безінің ісігі, бауыр ауруларында.

Иллюстрациялық материал: электронды слайд

Әдебиет: 1-Қосымша

Білім беру сұрақтары (кері байланыс):

1. «Гормондар» дегеніміз не?
2. Гипофиздің алдыңғы бөлігінің гормондары қандай?
3. Гипофиздің артқы бөлігінің гормондары қандай?

Тақырыбы: №9 Қан жүйесіне әсер ететін дәрілер.

Мақсаты: Студенттерді қан жүйесіне әсер ететін дәрілермен таныстыру

Дәріс тезистері:

Анемия – перифериялық қандағы эритроциттер санының ($3,9 \times 10^{12}/\text{л-ден төмен}$ және ерлерде $4,0 \times 10^{12}/\text{l}$) және/немесе гемоглобиннің ($120 \text{ г/l-ден төмен}$) төмендеуімен сипатталатын жағдай.

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 18 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

Анемия перифериялық қандағы эритроциттердің жойылуының жоғарылауымен (гемолитикалық анемия) жаппай жедел немесе созылмалы қан жоғалтуға (постеморрагиялық анемия) байланысты дамуы мүмкін; гемопоэздің бұзылуына байланысты.

Анемияны жіктейтін негізгі белгілердің бірі - қызыл қан жасушаларының гемоглобинмен қанығу дәрежесін көрсететін түсті индикатор. Қалыпты жағдайда түс индексі 0,85-1 (эритроциттердің гемоглобинмен қанығуы шамамен 100%). Бұл көрсеткіштің мәніне байланысты гемоглобин тапшылығы эритроциттердің тапшылығынан асатын гипохромды анемия (түс көрсеткіші 1-ден əлдеқайда аз) және гемоглобинмен салыстырғанда эритроциттердің жетіспеушілігі көп болатын гиперхромды анемия (түс көрсеткішінен үлкен1).

Гипохромды анемия ең алдымен темір тапшылығы жағдайларына тән, ал гиперхромды анемия B_{12} витамині немесе фолий қышқылы тапшылығымен дамиды.

Гипохромды анемия гемопоэтикалық органдардың темірмен жеткіліксіз қамтамасыз етілуіне байланысты дамиды. Бұл сүйек кемігіндегі эритробласттармен гемоглобин синтезін төмендедеді. Ағзадағы темір тапшылығы жедел және созылмалы қан жоғалту нәтижесінде, тамақтан темірді жеткіліксіз қабылдау және асқазан-ішек жолдарында сінуінің бұзылуы, организмнің темірге деген қажеттілігінің артуы (жүктілік, лактация кезінде) нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Дені сау адамның денесінде 2-5 г темір болады. Оның көп бөлігі (2/3) гемоглобиннің, миоглобиннің және кейбір ферменттердің құрамына кіреді, ал 1/3 бөлігі депода - сүйек кемігінде, қекбауырда, бауырда болады.

Темірдің сінуі негізінен жоғарғы жінішке ішекте жүреді. Ересек адамның ішегінде тәулігіне тамақтан шамамен 1-1,5 мг темір сінеді, бұл физиологиялық қажеттіліктерге сәйкес келеді. Темірдің жалпы жұмысалуы күніне шамамен 1 мг құрайды.

Азық-тұлік пен дәрі-дәрмектермен темір иондалған түрінде болуы мүмкін: темір (Fe^{2+}) және оксид (Fe^{3+}) темір. Асқазан-ішек жолдарында темірдің иондалған түрлері ғана сінеді – негізінен темір темірі (Fe^{2+}), ол ішектің шырышты қабығының жасушалық мембранның арқылы тасымалданады. Темірдің қалыпты сінуі үшін темірді қосылыстардан босатып, оны иондалған түрге айналдыратын асқазан сөлінің тұз қышқылы мен пепсин, сонымен қатар темірді темірге дейін төмендегетін аскорбин қышқылы қажет. Ішек шырышты қабатында темір апоферритин белогымен ферритиндік кешен түзеді, ол темірдің ішек тосқауылынан қанға етуін қамтамасыз етеді.

Қанға түсегін темірді тасымалдау бауыр жасушаларында синтезделетін және β -глобулиндерге жататын трансферрин ақуызының көмегімен жүзеге асады. Бұл тасымалдаушы акуыз темірді әртүрлі ұлпаларға жеткізеді.

Темірдің негізгі бөлігі сүйек кемігіндегі гемоглобин биосинтезіне, темірдің бір бөлігі миоглобин мен ферменттердің синтезіне жұмысалады, қалған темір сүйек кемігінде, бауырда, қекбауырда жинақталады.

Темір ағзадан асқазан-ішек жолдарының шырышты қабығының десквамацияланған эпителийімен (темірдің сінірілмейтін бөлігімен), өтпен, сондай-ақ бүйректермен және тер бездерімен бірге шығарылады. Әйелдер темірді көбірек жоғалтады, бұл оның етеккір кезінде жоғалуына, сондай-ақ лактация кезінде сүттің жоғалуына байланысты.

Темір тапшылығы гипохромды анемияда темір препараттары қолданылады.

а) энтеральды қолдануға арналған темір препараттары

Темірдің темір сульфаты ($FeSO_4 \cdot 7H_2O$) – екі валентті иондалған темір, ол асқазан-ішек жолынан қанға жақсы сінеді. Оның таза түрінде препарат сирек қолданылады, бірақ ол біріктілген препараттардың бөлігі болып табылады. Ферроплекс құрамында темір оксидін (Fe^{3+}) темірге (Fe^{2+}) төмендегетін аскорбин қышқылы кіреді. Конферон құрамында темірдің сінуіне ықпал ететін натрий диоктилсульфосукцинаты беттік белсенді зат бар. Тардиферон құрамында темір иондарының биожетімділігін арттыратын аскорбин қышқылы және мукопротеаза ферменті бар. Ұзақ уақытқа созылған Ферро-градумент препаратында темір

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 19 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

сульфаты арнайы полимер жөке тәрізді массада (градументте) орналасқан, бұл темірдің біртіндеп босатылуын және оның асқазан-ішек жолында бірнеше сағат бойы сіңуін қамтамасыз етеді.

Кейбір басқа препараттарда темір витамиnderмен және әртүрлі тағамдық қоспалармен біріктіріледі.

Темір хлорид (темір қосылған алоэ шербаты), фумарат (Геферол, Ферретаб), лактат (Гемостимулин) түрінде ұсынылған препараттар бар.

Ішке қабылдауға арналған темір препараттары (таблеткалар, капсуулалар, дражелер) темірдің тіс эмальына тилюін және оның бұзылуын болдырмайды.

Кейбір тағамдық компоненттер (шай таниндері, фосфор қышқылы, фитин, кальций тұздары және т.б.) асқазан-ішек жолдарының люменінде темірмен қыын сінетін кешендер түзеді, сондықтан темір препараттарын аш қарынға (тамақтанудан 1 сағат бұрын) қабылдау керек.) немесе тамақтан кейін 2 сағаттан кейін.

Темір препараттары темір қоймасының қанығуына және анемияның жойылуына дейін ұзак уақыт бойы қолданылады, сондықтан қан плазмасындағы темір деңгейін бақылау қажет. Темірдің жанама әсерлеріне анорексия, жүрек айнуы, құсу, іштің ауыруы, ауыздағы металл дәмі және іш қату жатады(ішектерді жууга арналған стимулятор болып табылатын темірдің күкіртсүтегімен байланысуына байланысты).

Темір препараттары гемолитикалық анемияда, созылмалы бауыр мен бүйрек ауруларында, созылмалы қабыну ауруларында карсы. Асқазан-ішек жолдарының шырышты қабығына тітіркендіргіш әсер етуі мүмкін болғандықтан, темір препараттары асқазанның ойық жарасында, ойық жааралы колитте қолданылмайды.

Ас қорыту жолынан темірдің сіңуін бұзған жағдайда парентеральді енгізуге арналған препараттар қолданылады.

б) парентеральді қолдануға арналған темір препараттары

Феррум-лек - 2 мл ампуладағы малтоза (темір полизомальтозасы) және 5 мл ампуладағы темір сахараты (көктамыр ішіне енгізу үшін) бар темір кешені. Препараттар ағзадағы жедел темір тапшылығы жағдайында, сондай-ақ энтеральды енгізуге арналған темір препараттарының нашар төзімділігі мен мальабсорбциясы жағдайында қолданылады. Препараттар тамырға баяу енгізіледі. Күн сайын бұлшықет ішіне енгізіледі.

Темір препараттарын парентеральді енгізу кезінде жергілікті (веноздық спазмы, флебит, абсцесс) және жүйелі реакциялар (arterиялық гипотензия, ретростеральды ауырсыну, артрайгия, бұлшықет ауыруы, қызба және т.б.) болуы мүмкін.

Гиперхромды анемия организмде В12 витамині немесе фолий қышқылы жетіспегенде дамиды. В12 дәруменінің жетіспеушілігімен зиянды (қатерлі) анемия дамиды, ол гематологиялық бұзылуулардан басқа, жүйке жүйесінің зақымдануынан неврологиялық белгілердің пайда болуымен сипатталады. Он екі елі ішекте В12 витамині Касл ішкі факторымен (асқазанның париетальды жасушаларынан бөлінетін гликопротеин) кешен түзеді және осылайша қанға сінеді. Қан жасалын реттеп отыратын препараттардың жіктелуі.

Эритропоэзге әсер ететін құралдар

1. Эритропоэзды қуаттандыратын құралдар

а) гипохромды анемияларда қолданылатын құралдар

Темір препараттары – темір тотығының сульфаты (Сорбифер Дурулес), темір лактаты препараттары (темір тотығының лактаты, гемостимулин), темір хлоридінің препараттары (феррамид), кобалт препараттары – коамид

б) гиперхромды анемияларда қолданылатын құралдар

Цианкобаламин (Витамин В₁₂), фоль қышқылы

2. Эритропоэзды тежейтін құралдар

Фосфор Р₃₂ мен белгіленген натрий фосфатының ерітіндісі

Лейкопоэзге әсер ететін құралдар

1. Лейкопоэзді қуаттандыратын құралдар

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 20 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

- a) тимус препараттары – тималин
 - б) әртүрлі биологиялық текті препараттар-молграмостим, натрий нуклеинаты
 - в) синтетикалық құралдар-левамизол, пентоксил
2. Лейкопоэзды тежейтін құралдар
- а) цитостатиктер – меркаптопурин, азатиоприн, миелосан
 - б) антибиотик – иммунодепрессант – циклоспорин

Иллюстрациялық материал: электронды слайд

Әдебиет: 1-Қосымша

Бақылау сұрақтар (көрі байланыс):

1. «Анемияның » қандай түрлерін білесіздер?
2. Темір препараттарын қолданған кезде қандай жанама әсерлер болуы мүмкін?

Тақырыбы: №10 Қан жүйесіне әсер ететін дәрілер (жалғасы)

Мақсаты: Студенттерді гемостазға әсер ететін дәрілермен таныстыру

Дәріс тезистері:

Гемостаз процесі тромболитикалық (фибринолитикалық) жүйемен функционалдық байланысты тромбоциттер жүйесімен (тромбоциттер агрегациясы, қаның коагуляциясы) қамтамасыз етіледі. Ағзада бұл екі жүйе динамикалық тепе-тендікте болады және бір немесе басқасы басым болатын нақты жағдайларға байланысты. Сонымен, егер қан тамырлары закымданса және қан кетсе, қан тамырлары түйіліп, тромбоциттердің агрегациясын және қаның ұюын белсендіреді, қан ұйығышын қалыптастырады және қан кетуді тоқтатады. Нормамен бірге шамадан тыс тромбоз болмайды, ейткені ол фибринолиз процесімен шектеледі. Кейіннен фибринолитикалық жүйе тромбтың біртіндеп еруін қамтамасыз етеді және тамырдың ашықтығын қалпына келтіреді. Егер коагуляция және антикоагуляция жүйелері арасындағы тепе-тендік бұзылса, қан кетудің жоғарылауы немесе кең таралған қан кету мүмкін.

Гемостаз - қан кетуді тоқтату. Грек тілінен. haîma – қан, stasis – тоқтау.

Тромбозға әсер ететін құралдар келесідей жіктеледі.

I. Тромбоздың алдын алу және емдеу үшін қолданылатын құралдар

1. Тромбоциттер агрегациясын төмендететін құралдар (антиагреганттар)
2. Қан ұюына қарсы заттар (антикоагуланттар)
3. Фибринолитикалық агенттер (тромболитикалық агенттер)

II. Қан кетуді тоқтатуға көмектесетін құралдар (гемостатиктер)

1. Қаның ұюын арттыратын құралдар
 - а) жергілікті пайдалану үшін
 - б) жүйелі әрекет
2. Антифибринолитикалық заттар

Тромбоциттер агрегациясын төмендететін құралдар (антиагреганттар).

Тромбоциттер агрегациясы негізінен тромбоксан-простациклин жүйесімен реттеледі. Екі қосылыс те циклдік эндопероксидтерден түзіледі, олар организмдегі арахидон қышқылының айналу өнімдері болып табылады (24.1-сызбаны қараңыз) және тиісінше тромбоксан және простациклин рецепторларына әсер етеді.

Тәжірибелік мақсаттарда тромбоциттер агрегациясын болдырмайтын препараттардың маңызы зор.

I. Тромбоксан жүйесінің белсенділігін тежеу

1. Тромбоксан синтезінің төмендеуі
 - а. Циклооксигеназа тежегіштері (ацетилсалицил қышқылы)
 - б. Тромбоксансинтетаза тежегіштері (дазоксибен)
2. Тромбоксан рецепторларының блокаторы
3. Арапас әсер ететін заттар (16+2; ридогрел)

II. Простациклин жүйесінің белсенділігінің жоғарылауы

OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 21 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

III. Фибриногеннің тромбоциттік гликопротеиндік рецепторлармен байланысуын тежейтін агенттер (GP IIb/IIIa)

1. Гликопротеиндік рецепторлардың антагонисттері (абциксимаб, тирофибан)
2. Тромбоциттердің пуриндік рецепторларын блоктайтын және оларға АДФ-ның ынталандыруышы әсерін болдырмайтын агенттер (бұл жағдайда гликопротеиндік рецепторлар белсендерілмейді) (тиклопидин, клопидогрел)

IV. Эр түрлі әсер ету құралдары (дипиридамол, антуран).

Антикоагулянттар қан ұюның әртүрлі кезеңдеріне әсер етуі мүмкін.

Іс-әрекет бағыты бойынша олар 2 негізгі топқа жатады.

1.Тікелей әсер ететін антикоагулянттар (қандағы ұю факторларына тікелей әсер ететін заттар)
Гепарин, Фраксипарин, Эноксапарин, Лепирудин.

2.Тікелей емес әсер ететін антикоагулянттар (бауырда қан ұю факторларының синтезін тежейтін заттар – протромбин және т.б.) Неодикумарин, Синкумар, Варфарин, Фенилин.

Фибринолитикалық препараттар. Қазірдің өзінде қалыптасқан қан ұйығыштарын ерітуге қабілетті фибринолитикалық агенттер үлкен практикалық қызығушылық тудырады. Олардың әрекет ету принципі - олар фибринолиздің физиологиялық жүйесін белсендереді. Олар әдетте миокард инфарктісі, өкпе эмболиясы, терең вена тромбозы, әртүрлі локализацияның артерияларындағы жедел қан ұйығыштары бар коронарлық тамырлардағы қан ұйығыштарын еріту үшін қолданылады.

Кеңінен қолданылатын фибринолитикалық агенттердің бірі стрептокиназа ақуыздық құрылымның қосылысы (стрептаза, стрептолиаза).

Қан кетуді тоқтатуға көмектесетін құралдар (гемостатиктер). Бұл топтың құралдары қан кетуді жергілікті немесе резорбтивті әсермен тоқтату үшін қолданылады. Жергілікті жерде тромбин (табиғи тромбиндік препарат) қан кетуді тоқтату үшін қолданылады, гемостатикалық губкалар. Резорбтивті препараттарға К, К3 витаминдері және К3 витаминінің синтетикалық алмастырғышы викасол жатады. Бұл витаминдер протромбиннің және бауырдағы қан ұюның басқа да бірқатар факторларының синтезі үшін қажет. Гипопротромбинемияға қарсы препараттарды тағайындаңыз. Гемостатикалық әрекет үшін желатин мен фибриноген де қолданылады.

Антифибринолитикалық заттар.

Белгілі бір жағдайларда фибринолиз жүйесінің белсенделігі айтарлықтай жоғарылайды, бұл қан кетуді тудыруы мүмкін. Бұл кейде жарақаттардан, хирургиялық араласудан, бауыр циррозынан, фибринолитикалық заттардың артық дозалануынан және жатырдан қан кетуден кейін байқалады. Бұл жағдайларда антифибринолитикалық агенттерді қолдану қажет. Ең көп қолданылатын синтетикалық препарат – аминокапрон қышқылы (эпсилон-аминокапрон қышқылы). Ол профибринолизиннің фибринолизинге айналуын тежейді (шамасы, осы процестің активаторының тежелуіне байланысты), сонымен қатар фибринолизинге тікелей тежегіш әсер етеді.

Тромбозға қарсы дәрілер. Ацетилсалацил қышқылы, дипиридамол, пентоксифиллин, абциксимаб, клопидогрел, тигрелор.

Антикоагулянттар. Гепарин және оның туындылары, дабигатран этексилат, ривароксаван, надропарин кальций, эноксапарин натрий, натрий гидроцитраты, варфарин, протамин сульфаты, неодикумарин.

Фибринолитикалық агенттер. Фибринолизин, стрептокиназа, урокиназа, альтеплаза, тенектеплаза.

Агрегаттар. Кальций хлориді, кальций глюконаты, серотонин адипаты

Коагулянттар. Менадион натрий бисульфиті, фитоменадион, тромбин, фибриноген, К витамині және басқа гемостатиктер.

Фибринолиз ингибиторлары. Аминокапрон қышқылы, апротинин, транексам қышқылы, этамсилат, элтромбопат

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 22 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

Иллюстрациялық материал: электронды слайд

Әдебиет: 1-Қосымша

Бақылау сұрақтар (көрі байланыс):

1. Антикоагулянтардың қандай түрлері бар?
2. Антикоагулянтардың қарама қарсы көрсеткіштері қандай №
3. Тікелей антикоагулянтардың әсерінің механизмі?
4. «in vitro» және «in vivo» дегеніміз не?

1. 1-Қосымша

Әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Фармакология:оку құралы = Фармакология:учебное пособие / Г. М. Пичхадзе [т.б.]. - М. : "Литтерра", 2016. - 504 бет
2. Стикеева Р. К. Фармакология-1: оку құралы / Р. К. Стикеева. - Алматы: Эверо, 2016. - 148 бет.с.
3. Харкевич Д. А. Основы фармакологии: учебник. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 720 с.
4. Аляутдин Р. Н. Фармакология: учебник.- М.: ГЭОТАР - Медиа, 2014.-704 с.
5. Харкевич Д. А. Фармакология:окулық. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014.-784 бет.
6. Рахимов К. Д. Фармакология :окуқұралы. - Алматы : ЖШС "Жания-Полиграф", 2014. - 554 бет.с.
7. Орманов, Н. Ж. Фармакология. 1-кітап:окулық / Н. Ж. Орманов, Л. Н. Орманова. - Алматы: Эверо, 2013. - 656 бет.с.
8. Орманов, Н. Ж. Фармакология. 2-кітап :окулық / Н. Ж. Орманов, Л. Н. Орманова. - Алматы: Эверо, 2013. - 512 бет.с.
9. Фармакология: учебник / под ред. Р. Н. Аляутдина. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 832 +эл.

Ағылшын тілінде

1. Katzung , Bertram G.Basic and Clinical Pharmacology [Text] : textbook / Katzung Bertram G. - 14 nd ed. - [S. l.] : McGraw-Hill education, 2018. - 1250 p.
2. Goodman end Gilman's , A. The Pharmacological Basis of Therapeutics [Text] : textbook / Goodman & Gilman's A. ; editor L. L. Brunton . - 13 nd ed. - New York : McGraw-Hill Education, 2018. - 1419 p.
3. Whalen Karen Pharmacology : lippincott Illustrated reviews / Karen Whalen ; ed.: Garinda Feild, Rajan Radhakrishnan. - 7th ed. - [s. l.] : Wolters Kluwer, 2019. - 593 p.

Қосымша әдебиеттер

1. Фармакология:нұсқаулық = Фармакология : руководство / Г. М. Пичхадзе [т.б.]. - М.: "Литтерра", 2017. - 640 бет с.
2. Машковский М.Д. Лекарственные средства. 16.-е издание. перераб., доп. и испр. М. Новая волна. 2017. – 1216 с.
3. Микробқа қарсы дәрілердің фармакологиясы: оку құралы/Т. А. Муминов [ж/б.]; қаз. тіл. ауд. Н. М. Малдыбаева.- Алматы : Литер Принт. Казахстан, 2016.-552 бет. с.
4. Фармакология антимикробных средств : учеб.пособие / Т. А. Муминов. - Алматы: Литер Принт. Казахстан, 2016.
5. Фармакология:руководство к лабораторным занятиям : учеб. пособие / под ред. Д. А. Харкевича. - 6-е изд., испр. и доп. ; Рек. учебно-методическим объединением по мед. и фарм. образованию вузов России. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2014.- 512 с
6. Рахимов К. Д. Фитофармакология. Фармақология - Тезаурус. : оку құралы = Фитофармакология. Фармакология -Тезаурус : учеб. пособие. - Алматы: ЖШС "Жания-Полиграф", 2015. - 528
7. Фармакология негіздері және рецептурасы : окулық / М. З. Шайдаров [ж./б.]. - Астана:Ақнұр, 2014. - 398 бет. с.
8. Основы фармакологии с рецептурой: учебник / М. З. Шайдаров [и др.]. - Астана:Ақнұр, 2014. - 406 с.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 28 беттің 23 беті
Дәріс кешені «Фармакология-2»	

9. Usmle Step 1. Pharmacology : Lecturer notes / D. Graig [et. al.]. - New York, 2019. - 321 p. - (Kaplan Medical)

Электронды ғасылымдар

1. Kharkevitch, D. A. Pharmacology:textbookformedicalstudents / D. A. Kharkevitch. - Электрон.текстовые дан. (83.9Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. Диск
2. Фармакология:оку құралы / ред. бас. Г. М. Пичхадзе = Фармакология : учебное пособие / под ред. Г. М. Пичхадзе. - Электрон.текстовые дан. (43.0Мб). - М. : "Литтерра", 2016.
3. Курс лекций по фармакологии для студентов стоматологического факультета. Стикеева Р.К., Коранова Т.С. , 2014 <https://aknurpress.kz/reader/web/1384>
4. Орманов Н.Ж., Сырманова Н.Р., Орманова Л.Н. Жалпы рецептура. Жалпы фармакология-Алматы: Эверо, 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/743/
5. Стикеева Р.К. Фармакология – 1 - учебное пособие. - Р.К.Стикеева.- Алматы: Эверо, 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/2742/
6. Стикеева Р.К. Фармакология-I.- оку құралы.- Стикеева Р.К. – Алматы Эверо.- 2020.https://elib.kz/ru/search/read_book/2741/
7. Орманов Н.Ж., Орманова Л.Н. Фармакология-1. Алматы. «Эверо» ЖШС. 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/735/
8. Орманов Н.Ж., Орманова Л.Н. Фармакология-2. «Эверо» ЖШС. Алматы, 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/736/